



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

31.03.2022 № 2-01-22-24426

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**
(тізім бойынша)

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Сіздердің қаңтар оқиғасына қатысты жолдаған депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Бас прокуратура қаңтар оқиғаларының себептері мен мән-жайларын анықтау мақсатында, қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективті тергелуін, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңдылықтың сақталуын қадағалауды жалғастыруда.


Бүгінгі күнде, қылмыстық қудалау органдарымен 3 999 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды (ІІМ – 3 421, Арнайы прокурорлар – 251, СЖҚІҚҚ – 308, ҰҚК – 15, ЭТҚ – 4).

Терроризм актілері мен жаппай тәртіпсіздіктер туралы істерден басқа, тонау, ұрлық, қаруды ұрлау, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты күш қолдану деректері тергелуде.

Анықтама ретінде: 2 400 - ұрлық, 96 - адам өлтіру, 44 - терроризм актілері, 45 - жаппай тәртіпсіздік, 15 - мемлекетке опасыздық жасау, өкілеттіктерді асыра пайдалану, билікті басып алу, қалған 1 399 - басқа да қылмыстық құқық бұзушылық фактілері бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде.

1 150 күдікті ұсталып, бүгінгі таңда 741-і қамауда.

Прокурорлар ұстауға негіздердің болмауына байланысты 103 адамды уақытша ұстау изоляторларынан босатты.



Құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылды

14.03.2022 ж. Парламент Мәжілісінің отырысында баяндалғандай, қаңтар оқиғалары бойынша тергеп-тексеру жұмыстары жөнінде және оқиғаға қатысты барлық сауалдарға жауап берілді.

Сондай-ақ, тергеу нәтижелері және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жұмыстары туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында жүйелі түрде жариялануда.

**Қылмыстық қудалау
Қызметі бастығының м.а.**

Б. Мажренов

орынд. Э. Жидебаев
тел.: 71-29-12

Ескерту: Өтінішке жауап электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану арқылы Өзара ыңтымақтастық туралы Бас прокуратура мен «Қазпочта» АҚ арасында жасалған меморандум аясында «Алғандығы туралы хабарлай отырып тапсырыспен гибридтік жөнелту» қызметі арқылы жіберілді.

Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-бабының 12) – тармақшасына сәйкес электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.